

Сәулетші Райнер Махламяки: «1920-2020 жылдардағы Финляндия сәулет өнері»

2019 жылдың 29 қарашасында ҚазБСҚА-да Финляндия сәулетшісі Райнер Махламякидің дәрісі өтті. Спикердің Алматыға келуін «Қалалар мен адамдар» бағдарламасы аясында «Urban Forum Kazakhstan» қоғамдық ұйымы ұйымдастырды. Urban Forum Kazakhstan-ның тең құрылтайшысы Әділ Нұрмаков тыңдармандарды қарсы алып, қонақты таныстырып, өз ұйымының қызметі туралы аздап әңгімеледі.

«Қалалар мен адамдар» - бұл Қазақстанға қала құрылысы және сәулет саласындағы әлемдік деңгейдегі сарапшыларды дәріс оқуға, семинарлар мен мастер-класстар өткізуге шақыруды көздейтін білім беру жобасы.



«Қалалар мен адамдар» жобасының қазіргі қонағы - белгілі Финляндия сәулетшісі Райнер Махламяки Оулу университетіндегі (1997 жылдан бастап) жұмысын белсенді сәулет тәжірибесімен ұштастырады. 2007-2011 жылдары Р.Махламяки Финляндия сәулетшілері қауымдастығын (SAFA) басқарды, халықтық және мемориалдық сәулет саласындағы беделді маман болып табылады.

ҚазБСҚА-да Р. Махламякидің дәрісі 1920-2020 жылдардағы Финляндия сәулетіне арналды және оның ең шынайы үлгілерін көрсетті. Баяндамашы жобалау мен құрылыста инновациялық технологияларды қолданған қоғамдық ғимараттардың жаңа жобаларына ерекше назар аударды.

Дәріске ҚазБСҚА студенттері мен оқытушылары, басқа университеттер, компаниялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты. Қатысушылар Райнер Махламякиге – ақпараттық-мазмұнды дәрісі үшін, ал «Urban Forum Kazakhstan» және оның жетекшісі Әсел Есжановаға жоғары деңгейлі кәсіпқоймен араласу мүмкіндігі үшін алғыс білдірді.

Г.С.Абдрасилова, Сәулет докторы, СФ проф-ы.